



Оңтүстік жарты шар материктері деп аталатын Оңтүстік Америка, Африка, Аустралия және Антарктика ұзақ уақыт бойы ежелгі Гондвана материгінің құрамында болған. Литосфералық плиталардың қозғалысы нәтижесінде Гондвана Оңтүстік Америка, Африка-Арабия, Үндістан, Аустралия-Антарктика плиталарына ажырады. Сонымен қатар плиталардың ажырау аймағында қазіргі Атлант және Үнді мұхиттарының табаны ашылды. Кейінірек Африка-Арабия және Үндістан плиталары Еуразияға, ал Оңтүстік Америка Панама мойнағы арқылы Солтүстік Америкаға жалғасты. Аустралия мен Антарктика арасындағы құрлықтық байланыс үзілді. Нәтижесінде оңтүстік жарты шар материгінің қазіргі пішіні қалыптасты.



Қазіргі кезде Оңтүстік Америка материгінің солтүстігі мен Африка жерінің жартысынан астамы солтүстік жарты шарда орналасқан. Оңтүстік Америка, Африка және Аустралия материктерінің көпшілік бөлігінде температура жыл бойы жоғары болады. Материктердің ең енді бөліктері субэкваторлық және тропиктік белдеулерде жатыр. Тек Оңтүстік Американың жіңішке оңтүстік бөлігі ғана қоңыржай белдеуге енеді. Оңтүстік Америка, Африка Аустралия материктерін Оңтүстік тропик шеңбері кесіп өтеді.

Аустралия мен Антарктика нағыз оңтүстік жарты шар материктері болғанымен, олардың географиялық орнына байланысты өзіндік ерекшеліктері бар.

Жер бедері

Оңтүстік жарты шар материктерінің жер бедерінде жазықтар басым болады. Олар материктердің негізгі бөліктерін алып жатқан ежелгі гондваналық платформаларға сәйкес келеді. Платформаларда фундаментті құрайтын кристалды жыныстары жер бетіне шығып жатқан қалқандар мен өте қатты майысқан ойыстар алма кезек ауысып орналасқан. Қазіргі жер бедеріне қалқандар күшті мүжілгендіктен қалдық аласа таулаға айналған.

МАТЕРИКТЕГІ ІРІ ТАУ ЖҮЙЕЛЕРІ ОЛАРДЫҢ ЖАҒАЛЫҚ БӨЛІКТЕРІНЕ СӘЙКЕС КЕЛЕДІ. ГОНДВАНАЛЫҚ ПЛИТАЛАР МЕН МҰХИТТЫҚ ЛИТОСФЕРАЛЫҚ ПЛИТАЛАРДЫҢ ТҮЙІСКЕН АЙМАҚТАРЫНДА БОЛҒАН ҚАТПАРЛАНУ ӘСЕРІНЕН ТҮЗІЛГЕН БҰЛ ЖАС ТАУЛАРҒА ОҢТҮСТІК АМЕРИКАЛЫҚ БАТЫСЫНДАҒЫ АНД ТАУЛАРЫ, АФРИКАНЫҢ СОЛТҮСТІК-БАТЫСЫНДАҒЫ АТЛАС ТАУЫ, АУСТРАЛИЯНЫҢ ШЫҒЫСЫНДАҒЫ ҮЛКЕН СУАЙРЫҚ ЖОТАЛАРЫ ЖАТАДЫ. ГОНДВАНАЛИЯНЫҢ ҮДЫРАУЫ МЕН БАСҚА ЛИТОСФЕРАЛЫҚ ПЛИТАЛАРМЕН ҮҒЫСУ НӘТИЖЕСІНДЕ ОНЫҢ КӨПТЕГЕН БӨЛІКТЕРІНДЕ КӨТЕРЛУЛЕР МЕН ТӨМЕН ТҮСУЛЕР ЖИІ БОЛЫП ТҰРАДЫ.

ЖАРЫҚТАР АРҚЫЛЫ БАЗАЛЫТТЫ ЖЫНЫСТАРДЫҢ СЫРТҚА ЛЫҚСУЫ НӘТИЖЕСІНДЕ ЖАНАРТАУЛЫҚ БЕЛДЕУЛЕР ҚАЛЫПТАСТЫ. ОҒАН БІРТҰТАС АФРИКА – АРАБИЯ ГОНВАННАЛЫҚ ПЛИТАСЫНЫҢ ЕВРАЗИЯ ПЛИТАСЫМЕН ҮҒЫСУЫ НӘТИЖЕСІНДЕ АРАБИЯНЫҢ АФРИКАДАН БӨЛІНУІ, ҚЫЗЫЛ ТЕҢІЗ ТАБАНЫНЫҢ АШЫЛУЫ ДӘЛЕЛ БОЛАДЫ. ОСЫ ЖАРЫҚТАР БОЙЫМЕН АФРИКАСЫНЫҢ ШЫҒЫСЫНДА СӨНБЕГЕН ЖАНАРТАУЛАР ЖҮЙЕСІ ОРНАЛАСҚАН.

Материктердің экватор мен тропиктік аралығындағы орнына байланысты бірдей климаттық белдеулер мен табиғат зоналары кездеседі. Бірақ материктердің ауданы мен жер бедерінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты белдеулермен зоналардың орналасуы және аудандары түрліше болады. Қазіргі кезде оңтүстік жарты шар материктері бір-бірімен оқшау орналасқанымен олардың ертеректе табиғатының бір тұтас дамығанын дәлелдейтін өсімдіктер мен жануарлардың ортақ түрлері кездеседі.